*Субъектами* административного правонарушения, предусмотренного частью 1 статьи 5.35 КоАП РФ, являются родители или иные законные представители несовершеннолетних.

В соответствии с пунктом 1 статьи 64 СК РФ, родители – законные представители своих детей, выступающие в защиту их прав и интересов в отношениях с любыми физическими и юридическими лицами, в том числе в судах, без специальных полномочий.

*Законные представители несовершеннолетних* – усыновители, опекуны и попечители (статьи 26 и 28 Гражданского кодекса Российской Федерации, 127 СК РФ, Федеральный закон от 24 апреля 2008 г. №48-ФЗ «Об опеке и попечительстве»).

Субъектом административного правонарушения, предусмотренного статьей 5.35 КоАП РФ, не могут быть родители или законные представители несовершеннолетних, которые являются военнослужащими, гражданами, призванными на военные сборы, и имеющими специальные звания сотрудников Следственного комитета Российской Федерации, органов внутренних дел, войск национальной гвардии Российской Федерации, органов и учреждений уголовно-исполнительной системы, Государственной противопожарной службы и таможенных органов. К указанным лицам применяются меры дисциплинарной ответственности (часть 1 статьи 2.5 КоАП РФ).

С субъективной стороны правонарушение может быть совершено как в форме умысла, так и по неосторожности. *Например, неосторожная форма вины может выражаться в отсутствии контроля со стороны родителей за посещением несовершеннолетним занятий в образовательном учреждении.*

При квалификации данного правонарушения необходимо учитывать, что административная ответственность по статье 5.35 КоАП РФ наступает в случаях, «если это действие не содержит уголовно наказуемого деяния».

Статьей 156 Уголовного кодекса Российской Федерации от 13 июня 1996 г. №63-ФЗ (далее – УК РФ) предусмотрена ответственность за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего родителем или иным лицом, на которое возложены эти обязанности, а равно педагогическим работником или другим работником образовательной организации, медицинской организации, организации, оказывающей социальные услуги, либо иной организации, обязанного осуществлять надзор за несовершеннолетним, если это деяние соединено с жестоким обращением с несовершеннолетним».

Таким образом, рассмотренная правовая характеристика состава административного правонарушения, предусмотренного частью 1 статьи 5.35 КоАП РФ, будет способствовать правильной квалификации, выявленных административных правонарушений, за которые родители или иные законные представители несовершеннолетних могут быть привлечены к административной ответственности.

Говоря о профилактической деятельности территориальных органов МВД России административных правонарушений, предусмотренных частью 1 статьи 5.35 КоАП РФ, позволим сформулировать некоторые предложения по совершенствованию деятельности сотрудников подразделений по делам несовершеннолетних и участковых уполномоченных полиции.

1. Видится необходимость на регулярной основе проводить:

- совместные профилактические мероприятия (рейды) и выездные заседания с представителями КДНиЗП и иными субъектами системы профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних по проверке информации о нарушении прав и законных интересов несовершеннолетних;

- проверку информации по обращениям несовершеннолетних с телесными повреждениями в лечебно-профилактические учреждения.

2. Осуществлять непосредственное взаимодействие с воспитателями, преподавателями, медицинскими работниками образовательных учреждений и детских поликлиник в целях получения информации по фактам неисполнения родителями или иными законными представителями несовершеннолетних обязанностей по содержанию, воспитанию и обучению.

3. Обращать внимание на качественный сбор и оформление материалов дел об административных правонарушениях, соблюдение процессуальных сроков.

4. Обеспечить надлежащее взаимодействие с представителями КДНиЗП для получения копий вынесенных решений при рассмотрении дел по существу с целью своевременной постановки родителей или иных законных представителей несовершеннолетних на профилактический учет в территориальные органы МВД России.

В завершение отметим, что поскольку рассматриваемый состав административных правонарушений возникает между членами семьи и имеет определенные особенности, связанные с объектом посягательства (права и законные интересы несовершеннолетних), профилировать их непросто, для этого сотрудники органов внутренних дел должны обладать определенными знаниями

в области педагогики и психологии. В этой связи, согласимся с выводами некоторых авторов, которые полагают, что «проведение специальных курсов повышения квалификации для сотрудников органов внутренних дел в области профилактики семейного неблагополучия с изучением основ разрешения межличностных конфликтов было бы необходимым» [4, 51].

### **Литература**

1. Комментарий к Кодексу Российской Федерации об административных правонарушениях (постатейный) / под общ. ред. Н.Г. Салищевой. 7-е изд. – М.: Проспект, 2011.
2. Долгова С.И., Машугина Е.В. К вопросу о деятельности по привлечению к ответственности родителей или иных законных представителей несовершеннолетних за неисполнение обязанностей по содержанию и воспитанию несовершеннолетних // Административное право и процесс. 2019. №8. – С. 52-55.
3. Уголовное право. Общая часть: учебник для бакалавров / отв. ред. И.А. Подройкина, Е.В. Серегина, С.И. Улезько. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2014.
4. Волосова Н.Ю., Журкина О.В., Филиппова Е.О. Проблемы семейного (домашнего) насилия в период борьбы с новой коронавирусной инфекцией: вопросы профилактики // Российская юстиция. 2021. №1. – С. 49-51.



**ЕРГАЛИЕВА К.С.,**

Х. Досмухамедов атындағы Атырау Университеті  
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,  
заң ғылымдарының магистрі

### **ЗОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

Елдің нарық экономикасын дамыту, мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократияландыру жағдайларында қылмыстың алдын-алу әдеттегідей өзекті проблема болып отыр. Қазіргі жағдайда қылмыстық жазалаудың тиімділігі қандай бола тұрса да, оның бір шарасын қабылдау қылмысқа қарсы күресу үшін жеткіліксіз екені анық және құқық тәртібінің проблемаларын тек полиция деңгейінде ғана қарауға болмайды. Сондықтан да құқық бұзушылықтардың алдын алу құқық қорғау органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың, сондай-ақ құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрлымдардың қызметінде басым бағыттардың бірі болуы керек. Бұл үшін бұрын тиімді іс-әрекет еткен жалпы құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін өткен жылдары өздерін ақтаған ерікті жасақтарды, кәсіпорындарда және оқу орындарында, тұрғылықты жері бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестерді, полицияға жәрдемдесу жасақтарын белгілі шектерде қайта дамыту қажет.

Зорлықты алдын-алу шаралары дегеніміз – оның жасалу себептерін жоюға бағытталған әртүрлі құқықтық, әлеуметтік, мәдени және рухани шаралардың жиынтығы болып табылады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан тиімді әрі нәтижелі қорғалуы үшін бұл мемлекетте заң үстемдігі болуы қажет. Мемлекеттің беделінің жоғарылығы, мемлекеттің өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауымен тікелей байланысты. Демек, мемлекет өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қаншалықты тиімді қорғайтын болса, оның халықаралық қауымдастық алдында және өзге де мемлекеттердің алдында беделін арттырып көрсетеді. Ал, егер мемлекет өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүмкіндігі болмаса, яғни заңсыз, құқықбұзушылық әрекеттер кең өріс алатын болса, онда бұл мемлекеттің беделінің тым төмендігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде тек құқықтық емес, сонымен қатар, экономикалық қатынастарға әсер ететіндігі сөзсіз. Себебі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғай алмайтын мемлекет өзге шет ел азаматтарының да құқықтары мен бостандықтарын қорғай алмайды. Ал бұл өз кезегінде шет ел инвестицияларының елге келуіне негізгі тежеуіш ретінде қарастырылады.

Жалпы еліміздегі криминогендік ахуал қалыпты жағдайда, оған республикадағы жақсы қалыптасқан экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай әсерін тигізіп отыр. Бірақ қылмыстың мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласына теріс әсер етуі жалғасуда, ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта құрылуын тежейді, оның халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығының қамтамасыз етілуі әлі тиісті деңгейде емес. Жыл сайын елімізде көптеген қылмыстар ашылмай

калып отыр, қылмыскерлердің елеулі бөлігі жасаған қылмыстары үшін жазаланбай, іздестіруде жүр. Ұйымдасқан қылмысқа және бандитизмге қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар табандылықты талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс көбінесе бытыраңқы және жүйесіз сипатқа ие.

Адамдарға қарсы негізінен зорлықшыл қылмыстар жасалады. Олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртүрлі болып келеді және оларды бағалау барысында тек қылмыстан келтірілген зардаптар ғана емес, сондай-ақ зорлықтың сипаты да маңызды болып табылады. Мұндағы зорлық тек жәбірленушіге ғана емес, сонымен қатар қылмыскерге де қатысты болып келеді. Сондықтан зорлықтың алдын-алу және олардан қорғау тек жәбірленушіге емес, қылмыскерге де қатысты.

Зорлықтың алдын-алудың тиімді әрі нәтижелі болуы үшін олардың шығу тетігі мен себептерін анықтау қажет. Сонымен қатар зорлықтың жасалуына себебін тигізген жағдайларды да анықтау қажет. Осыған байланысты: адамдар неге зорлық жасамайды және адамдар не үшін зорлық жасайды? деген сұрақтарды шешіп алу қажет.

Ең алдымен кейбір адамдар мүлдем зорлық жасаудан жиіркенеді. Мұндай адамдар өздерінің жоғары интеллектуалдық ой өрісіне, өмір салты мен адамгершілік деңгейіне байланысты қылмыс жасаудан, керек десеңіз құқық бұзушылықтан мүлдем алшақ тұрады. Олар өздерінің табиғатына сай қылмыс жасай алмайды. Қылмыстық әрекет, соның ішінде зорлық олардың көзқарастарына, мақсаттарына және өзге де қажеттіліктерімен үйлеспейді.

Екінші бір адамдар өдерінің әрекетінің тиімді және тиімсіз жақтарын салыстыра отырып, зорлықтың ауыр зардаптарға алып келетіндігіне көз жеткізе отырып оларды жасаудан тартынады. Мұндай адамдар қылмыстық жазадан қорыққандықтан қылмыс жасауға бармайды және тәуекелге бой ұрмайды. Осыған сәйкес алдын-алудың жалпы қылмыстық-құқықтық концепциясы қалыптасқан. Яғни, белгілі бір қылмыскерлерді жазаға тарта отырып, екінші бір адамдардың өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыруға психикалық тежегіш ретінде санасына әсер етеді. Ұрлық түбі қорлық демекші, осының нәтижесінде адамдарда, егер мен қылмыс жасасам ол үшін міндетті түрде жазаланамын деген ой қалыптасады.

Үшінші бір тұлғалар қылмыстық жазадан қорыққандықтан емес, ал мемлекет және қоғам, соның ішінде құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстық әрекеттерді алдын-алу шаралары кеңінен қолданылғандықтан қылмыс жасаудан бас тартады. Мұндай тұлғалар қылмысты ерікті түрде емес, ал мемлекет тарапынан мүмкіндік берілмегендіктен жасамайды. Демек, мемлекет бұларға қылмыс жасаудың зардаптарын және оның нәтижелерін көрсете отырып, мәжбүрлі түрде оларды қылмыс жасау мүмкіндігінен айырады. Мұндай тұлғаларға полицияның арнайы есебінде тұрған немесе олардың бақылауына алынған тұлғаларды жатқызуға болады.

Кейбір адамдар кез-келген шектеулерге қарамастан қылмыс жасайды. Оларда тұрақты қылмыстық мінез-құлық қалыптасқан және олар ешқандай қылмыстық жазадан, сондай-ақ өзге де әсер ету шараларынан қорықпайды. Мұндай тұлғаларға қоғамға деген қылмыстық көзқарас қалыптасқан және қылмыстық өмір кешетін тұлғаларды жатқызуға болады. Аталған тұлғалар кез-келген мәселені оның дәрежесіне қарамастан, зорлық арқылы шешуге тырысады.

Аталған тұлғалардың зорлық әрекеттерін жасауға және оның қайталануына жол бермеу мақсатында мемлекет белгілі бір шараларды қолдана отырып, олармен күрес жүргізеді. Демек қылмыстылықпен күреске, ең алдымен осы қылмыстардың жасалуына негіз болатын себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жою арқылы белгілі бір адамдардың қылмыстық ойын жүзеге асыруға шектеулер қойып, оны жүзеге асыруға жол бермеу жатады. Осыған орай қылмыстық құқықтық әдебиеттерде қылмыстылықты алдын-алуға әртүрлі анықтама беріледі. Атап айтсақ, Г.А. Аванесов пікірінше қылмыстылықты алдын-алу дегеніміз – қылмыстылықты тудыратын құбылыстарды азайтатын, шектейтін және оларды жоятын қоғамдық процесс [1].

Ал, И.П. Портнов пікірінше қылмысты алдын алу дегеніміз – криминогендік факторларды жою және қылмысқа дейінгі кезеңде адамның мінез-құлқын түзету арқылы қылмыстың жасалуына жол бермеу.

Аталған пікірлерге сүйене отырып, Е.О. Алауханов берген анықтамаға сәйкес қылмыстылықты алдын-алу дегеніміз – қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әртүрлі шараларының жиынтығы [2].

Жоғарыда көрсетілген пікірлерді басшылыққа ала отырып, қылмысты алдын-алу дегеніміз – адамдардың (жәбірленушілердің және қылмыскерлердің) қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен міндеттерін, сонымен қатар әлеуметтік маңызды құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ерекше қызмет түрі болып табылады. Бұл қызмет қылмыстылықпен күресу саясатының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Жергілікті де, сол сияқты республикалық та деңгейде құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жүйесін құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың халықпен байланысын белсенді дамыта отырып құру қажет. Мектептер мен оқу орындарында құқықтық мәдениеттің өзекті проблемалары бойынша міндетті немесе факультативтік сабақтар енгізу керек.

Халықаралық қоғамдастықтың қазіргі басымдықтарын ескере отырып, нашақорлық пен есірткі бизнесінің, терроризмнің, этникалық және діни экстремизмнің, адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың, компьютерлік қылмыстың, атыс қаруын және оның бөліктері мен оқ-дәрісін заңсыз жасау мен таратудың, сыбайлас жемқорлық сипатындағы, сондай-ақ ақшаны «тазарту» саласына қатысты халықаралық қылмыстардың алдын алу мен жолын кесуге бағытталған нормаларды дер кезінде енгізуге ерекше назар аударылатын болады.

Қылмыстың қайталануының алдын алу мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі тиісті орталықтардың жұмыс істеуіне бағытталған нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу қажет.

Кадр саясатының тұрақтылығы және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігі мен тәртібіне деген талапты арттыру мәселесіне назар аудара отырып, құқық қорғау органдарын одан әрі де нығайту қажет.

Бұл орайда құқық қорғау органдарының қызметінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты басымдылық етіп айқындау, сондай-ақ жұртшылықтың белсенді қатысуынсыз табысты болмайтын, құқық бұзушылықтың алдын алуға көп назар аудару қажет. Осы орайда балалардың қараусыздығы мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше назар аударған жөн, бұл өз кезегінде лауазымды адамдардың кәмелетке толмағандармен жұмыстың нәтижесі үшін жауапкершілігін арттыруға септігін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар олардың өз міндеттері мен функцияларын атқарудағы құқықтары мен міндеттерін нақты белгілейтін тиісті заң актілерін қабылдауды қажет етеді.

Қылмысты алдын-алу шараларын жалпы және арнайы шаралар деп екіге бөліп қарастыруға болады.

Зорлықты алдын-алудың жалпы шаралары бұл - қоғам мүшелерінің бәріне жалпылама ескерту арқылы әсер ете отырып, нақты орындалатын жұмыс. Яғни, қоғам мүшелеріне мінез-құлық ережелерінің түсінігі жеткізіле отырып, қылмыстық әрекеттің, соның ішінде зорлықтың жазаланатындығы туралы нақты атап көрсетіледі. Демек, осы жалпы шаралар арқылы адамдардың зорлық жасауының нәтижесінде қылмыскерге айналуынан сақтаумен қатар, адамдарды осындай зорлық әрекеттерінің құрбандарына айналудан да сақтап отырады. Алайда адамдардың мінез-құлықы әртүрлі болғандықтан кейбір адамдарға бұл жалпы шаралар мүлдем әсер етпеуі мүмкін. Дегенмен, бұл барлық адамдарға әсер етпейді дегенді білдірмейді. Себебі белгілі бір адамдар үшін зорлықтың алдын-алудың жалпы шаралары қажет және бұл адамдар осындай шаралар нәтижесінде ғана зорлық жасаудан бас тартады. Сонымен қатар, мұндай шаралар өзге де адамдар үшін зорлық әрекеттерінен тиісті қорғануға, сақтанып жүруіне ықпал ететіндігі сөзсіз.

Зорлықты алдын-алудың жалпы шаралары белгілі бір арнайы тұлғаларға емес, ал бүкіл халыққа байланысты бағытталады. Яғни, олар бүкіл адамдар үшін ортақ және теңдей дәрежеде

болады. Бірақ бұл бәріне бірдей әсер етпейді, себебі жалпы шаралар нақты қылмыс түрлеріне байланысты жүргізілетіндіктен, осындай қылмыстық ойды жүзеге асыруға бағытталған адамдар үшін әсер етіп отырады. Алайда зорлықты қазіргі кезде ешбір мемлекетте түбегейлі жою мүмкін емес, себебі елде теңсіздік, адамдардың таптарға бөлінуін және адамдардың рухани мәдениетсіздігін, өтірік айтуын, әдепсіздігін жою арқылы ғана, зорлықтың жойылуына қол жеткізуге болады. Сондықтан мұндай жалпы шаралар қандай адамдар үшін қажет болса, сол адамдардың ой-санасына жеткізілуі мақстында жүзеге асырылуы керек.

Зорлықты алдын-алудың жалпы шараларынан арнайы шараларына өту бұл нақты зорлық жасаған тұлғаны немесе зорлық жасауға бейім тұлғаларды анықтап, олардың мұндай зорлықшыл пиғылдарының алдын кесу болып табылады.

Зорлықты алдын алудың арнайы шараларын жүзеге асыру барысында нақты тұлғаның мінез-құлықтарына, өзіндік ерекшеліктері мен сипаттамаларына баға беріледі. Осындай шаралардың негізінде қоғамға қарсы мінез-құлықтағы адамдарды анықтау, олардың арнайы есебін жүргізу және зорлық жасау ой-пиғылын анықтау, сонымен қатар нақты зорлықшыл әрекеттердің жолын кесу мәселелері қарастырылады.

Алдын-алудың арнайы шаралары негізінен зорлықтың нақты қылмыстың қай тобына немесе түріне жататындығын анықтап, оларды ескерту үшін бағытталады. Зорлықтың алдын-алудың арнайы шараларының нәтижелі болуы үшін, онымен қатар жедел-іздістіру шаралары да бірге жүргізілуі қажет. Зорлықтың алдын-алудың арнайы шаралары нәтижесінде зорлықшыл әрекеттерге бейім адамдарды анықтап, олардың зорлықшыл пиғылдарының жүзеге асырылуына жол бермеумен қатар, бұрын сотталған адамдардың қайталап зорлық әрекеттерін жасауын болдырмау, яғни оларды ескерту жолымен алдын-алу шаралары да жатады.

Зорлықты алдын-алу арнайы шараларының бірі ретінде маскүнемдер мен нашақорларды анықтап оларды емдеу, арнайы сауықтырудың маңызы ерекше. Себебі көптеген зорлықшыл қылмыстарды адамдар мас күйінде немесе өзге де есірткі заттарын пайдалана отырып жасайды. Қазіргі кезде ұлт және мемлекет қауіпсіздігі үшін қауіп төндіретін ауқымға ие болып келе жатқан алкогольдік ішімдікті пайдаланудың, маскүнемдіктің және нашақорлықтың, әсіресе жастар ортасында өсуі аса елеулі әлеуметтік проблемалардың бірі болып қалуы жалғасуда. Спирт ішімдіктерін тосқауылсыз және барлық жерде бөлшек саудада және құйып беру арқылы сату бұл проблеманы ауырлата түсуде. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында есірткіні медициналық емес мақсатқа пайдаланудың таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады. Есірткіні пайдаланушылардың 2/3-ге жуығы – 30 жасқа дейінгі адамдар. Балалар мен жасөспірімдер нашақорлығы кеңейе түсуде. Көбінесе жалпы білім беретін мектептердің, колледждер мен басқа да оқу орындарының есірткі құралдарын немесе психотропты заттарды алғаш рет және кейіннен пайдалануда бірінші орында болатыны аз кездеспейді.

Маскүнемдіктің, нашақорлықтың және уытқорлықтың алдын-алу бойынша мемлекеттік органдар қабылдаған шаралар жеткіліксіз, осы санаттағы адамдарды мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру жөніндегі арнайы мамандандырылған емдеу мекемелерінің санын көбейту қажет.

Сонымен қатар, қазіргі кезде салауатты өмір салтын насихаттаудағы қоғамның және мемлекеттік органдардың қатысу үлесі өте төмен, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізілмей жатыр. Осыған орай маскүнемдіктің, алкоголизмнің және нашақорлықтың алдына-алу жөніндегі жұмыстың жағдайы үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру және маскүнемдіктің, алкоголизмнің және нашақорлықтың алдын алу жөнінде арнайы ұйымдастырушылық-тәжірибелік шаралар қабылдау қажет.

## **Әдебиет**

1 Портнов И.П. Профилактика преступлений в милицейской практике // Государство и право. – 1995. – №10. – С. 112-120.

2 Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстардың алдын-алудың криминологиялық проблемалары: Заң ғыл.-д-ры...дис. – Алматы, 2004. – 318 б.





**ЖУМАБЕКОВА Л.А.,**

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есбулатов атындағы Алматы академиясы  
Ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері полиция майоры

### **ПО ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Отбасындағы зорлық-зомбылық өте кең таралуда, сондықтан да ол тек қана отбасына ғана емес қоғамға да зияны тиюде.

Зорлық-зомбылықтан еркіндік құқығы бұл адамның негізгі құқығының бірі болып табылады. Отбасындағы зорлық – зомбылықты алдын алу бойынша мемлекетіміздің саясты ең алдымен әлеуметтік-экономикалық, діни және саяси шараларға, сондай-ақ діни құндылықтар мен отбасындағы жеке тұлғалық қасиетті бекітуге бағытталған [1].

Қазақстанда отбасындағы зорлық-зомбылықты ресми танып, ол жөнінде тек 1993 жылдардан бастап айта басталынды. Негізгі түрткі болып әйелдердің қоғамдық бірлестіктері өз жұмысын күшейтіп, инициативамен шыға бастауы болып табылды. Осыған байланысты қоғам ауыр дәрежедегі зорлық қылмыстарының ішінде 40%-ы отбасында жасалатынын білді.

Проценттік қатынаста әйелдер мен балалар отбасының басқа мүшелерімен салыстырғанда жиірек әр түрлі зорлықтың құрбандары қатарына жатады. Көбінесе әуелі зорлық психологиялық зорлық-зомбылық ретінде танылады да, денсаулыққа ғана емес өмірге де зиянды күш зорлық-зомбылығына ұласады.

Зорлық – бұл қиын әлеуметтік құбылыс. Зорлық адамның өмірінің әр түрлі саласында кездесетін қазіргі заманның негізгі проблемасының бірі болып табылады.

Ішкі істер органдары бөліністерінің тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күресу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру барысында туындайтын әкімшілік құқық қатынастарына, ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ әкімшілік құқық қызметін жүзеге асыратын ішкі істер органдары бөліністерінің әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетуімен күресудегі қазіргі кезеңдегі ішкі істер органдарының ұйымдастырушылық қызметін құқықтық реттеуші тетік ретінде атқаратын рөлін айқындауға қатысты мәселелер жан-жақты зерттеледі.

Республикамызда, қоғамдық тәртіпті басқару тәртібін орнату азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын жүзеге асыру азаматтардың алуы мен еңбек етуі үшін (ем алу) қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында, сақталуы қажетті болатын ережелер өте көп. Ол ережелерге жолда жүру, санитарлық, мал дәрігерлік, өртке қарсы, кедендік, қауіпсіздік, табиғи ресурстарды қорғау ережелері жатады. Егер осы ережелердің бұзылуы үлкен қоғамдық зиян келтіретін болса, әкімшілік жауапкершілік туғызады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық – дүниежүзінің барлық жерінде таралған және барлық қоғамда кездесетін жағдай. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесін дамыған мемлекеттердің өзі жеңе алған жоқ.

Бүгінде Қазақстан адам құқықтары жөніндегі 30-ға жуық халықаралық шартқа қатысып, қол қойды. Алайда елімізде әйелдер құқығының аяққа тапталуы жиі шаң беріп қалады.

Әйелдерді қорғау бүгінде әлемдік проблемаға айналды. Осы бағытта алпауыт елдердің өзі арнайы бас қатыруда. Америкада, Англияда осындай мәселелермен, яғни отбасындағы зорлық-зомбылық туралы әрекет ету қызметі, Болгария, Италияда отбасындағы жанжалды реттеу қызметтері, Жапония мен Германияда мінез-құлық полициясы сияқты құрылымдар айналысады. Ал біздің елімізде 1999 жылы ішкі істер органдары жүйесінің құрылымында әйелдерге зорлық-зомбылық жасау көріністеріне қарсы күрес жөніндегі бөлімдер құрылған [2].

Осыған қарамастан елімізде бұзақылық пен тонау қылмыстарынан әйелдер ерлерге қарағанда екі есе зардап шегеді.

«Әйелдерге қатысты кемсіту, оларға зорлық зомбылық көрсету» ұғымы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез-келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу дегенді білдіреді екен.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N223-IV «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заң ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдікке жағдай жасауға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейді.

Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. (2 бап).

Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1) мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және дамыту;

3) ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға бағытталған тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу, қабылдау және іске асыру;

4) ел халқы арасында ерлер мен әйелдердің тең құқылық мәдениетін тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу;

5) халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын және халықаралық міндеттемелерді орындау;

6) саясатты, әлеуметтік-еңбек және отбасы қатынастарын қоса алғанда, тыныс-тіршіліктің барлық салаларында жыныстық теңдікті қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси мәдениеті деңгейін көтеру болып табылады.

Елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң күшіне енгені мәлім. Заңда «Қорғау нұсқамасы» ұғымы отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасының бірі ретінде енгізілген.

Қазір тұрмыста зорлық-зомбылық көретін жандардың нақты санын айту мүмкін емес. Өйткені, олар арнайы органдарға барып тіркелмейді. Кей әйелдер дәл сол мезетте ашуын біреуге жеткізіп алса, одан кейін кешіріммен қарап, ары қарай өмір сүре береді. Бұл – барша қазақтың қыз-келіншектеріне тән менталитет. Олар ешқашан өз ерлерін жаманатты қылғысы келмейді. Дегенмен, оны түсінетін ер адамдар қазіргі таңда сиреп барады. «Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға көмегін тигізеді.

Қазақстан БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға 1998 жылы қосылды, содан бері заңгерлік практикада осы Конвенцияның 1-бабында анықталған «кемсіту» ұғымы қолданылады. «Кемсіту» сөзінің өзі Конституцияның,

қабылданған заңдар мен нормативтік актілердің мәтіндерінде кеңінен қолданылады.

«Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңында «жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік» ұғымы «жыныстық белгісі бойынша адамның құқықтары мен бостандықтарын кез келген шектеу немесе оларға қысым жасау, сондай-ақ оның қадір-қасиетін түсіру» (1-бап, 3-тармақ) деп анықталған. Жыныс белгісі бойынша кемсітудің бұл анықтамасы қамтитын сипатқа ие және Конвенцияға қайшы келмейді.

Әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен теңдік негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы мемлекеттер барлық салаларда және ішінара алғанда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін заңнамалық шараларды қоса алғанда, барлық тиісті шараларды, қабылдайды.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 4-бабында оның төрт түрге бөлінетіндігі айтылған [3]. Бірінші – дене-жарақатын салу, күш қолдану арқылы денсаулыққа зиян келтіру, оған ұру, қинау жатады. Екінші – психологиялық қорлау, адамның психикасына шабуыл жасап, ар - ожданын аяққа басу, қадір-қасиетін төмендету, үнемі үрейде ұстау. Үшінші – сексуалдық қорлау. Төртінші – экономикалық күштеу, яғни адамды үй-жайынан күштеп айыру. Заң 2009 жылы қабылданған. 1998 жылы Қазақстан «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы» халықаралық конвенцияға қол қойған. Бұл тарапта елімізде үкіметтік емес ұйымдар, отбасы-демографиялық саясат бөлімдері, дағдарыс орталықтары жұмыс істеуде.

Қоғамда көрініс тапқан әйелдерге және балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелеріне байланысты Ішкі істер Органдары зорлық-зомбылықтың жолын кесу және алдын алу үшін бірқатар кешенді іс-шаралар қабылданатыныда белгілі.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшенің қызметі заңдылық, жариялық, әйелдердің конституциялық бостандықтары мен құқықтарын құрметтеу қағидаларына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдың Ұлттық жоспары» негізінде құрылады. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиясымен, барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялармен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарымен, құқық қорғау, мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара бірлесіп іс-қимыл жасау мақсатында жүзеге асырылады.

Әйелдерді зорлық - зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше қызметінің негізгі бағытының бірі зорлыққа тап болған әйелдерге психологиялық, заңдық көмек көрсету, сонымен қатар қоғамда, жанұяда әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық фактілері туралы өтініштерді және шағымдарды қарастыру болып табылады.

*Зорлықтың мынадай түрлері кездеседі екен:*

– *эмоционалық зорлық* – балағаттау, қорлау, сөгу, өзін-өзі құрметтеуді жоғалтуға әкелетін немқұрайды қарым-қатынас, негізсіз қызғаншақтық, балалардың жеке өміріне қол сұғу;

– *физикалық зорлық* – отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоционалдық зорлық;

– *экономикалық зорлық* – үйден тыс жерде жұмыс істеуге тыйым салатын, ақша бермей немесе оларды өмір сүруге жетпейтін мөлшерде беретін, әйелінің немесе баласының жеке ақшасын алып қоятын, табысын жасыратын эмоционалдық зорлық;

– *жыныстық зорлық* – әйелдің қалауына қарсы жыныстық қатынасқа мәжбірлеу, зорлау, балаларды жыныстық зорлау;

– *қауіп-қатер* – отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру немесе өлтіру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу, құқыққа қарсы әрекеттер жасауға мәжбірлеу;

– *балаларды анасына қарсы қолдану* – әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, тастап кеткен балаларына қатысты өзін кінәлі деп санаумен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану;

– *қорқыту* – жиһаздарды немесе ыдыс-аяқты сындыру, қирату, үй хайуанаттарына қатыгез қарым-қатынас, үйде қару-жарақ ұстау;

– *айналасындағылардан оқшаулау* – туысқандарымен және достарымен қарым-қатынас бостандығынан шектеу;

Дегенменде, ресми мәліметтер бойынша Қазақстанда әйелдерге күш көрсету оқиғалары көбейгені байқалып отыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесімен айналысып жүрген мамандар бұл әлемнің әр елінде бар құбылыс дегенді айтады. Отбасындағы қысым елдің мәдениетіне, экономикасының дамуына немесе сенім-нанымына байланысты емес. Бұл құбылыс жекелеген адамдардың ерекшеліктеріне қатысты дейді. Алайда, әр адам мемлекеттің азаматы болғандықтан, оны қандай да бір қауіп-қатерден қорғау да мемлекетке жүктеледі. Соңғы жылдары отбасында жәбір көру оқиғалары жиілеп кетті. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, жыл сайын елде ондай мыңдаған оқиғалар тіркеледі. Алайда, ең өкініштісі – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан жыл сайын республикада көптеген әйел адам көз жұматындығы болып отыр.

Қазіргі заң бойынша, егер де жәбірленуші өзіне қатысты қандай да бір қысымның болғанын айтып шағымданса, полиция инспекторлары жауапқа тартылатын азаматқа ескерту жасайды. Жәбірленуші – өзіне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықпен моральдық зардап, дене зардабы және (немесе) мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар жеке адам [3].

Әйелдерге және қыздарға қатысты зорлық-зомбылық көптеген түрге енді және бүкіл дүние жүзіне кең тарады. Ол зорлау, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жұмыстағы дәмешілдік, мектепте қаталдықпен қарау, әйелдердің дене мүшелерін зағыптандыру және қақтығыстар кезіндегі сексуалдық зорлық-зомбылықтар. Мұндай зорлық-зомбылықтарды басты түрде еркектер жасайды. Осы құбылыстың мейлі ол дамып келе жатқан немесе дамыған ел болсын жер-жерде таралуы біздің бәрімізді ашындырмай қоймайды. Зорлық-зомбылық, ал көптеген жағдайда тек зорлық-зомбылық қаупі әйелдердің толық тең құқыққа қол жеткізуіне ең бір маңызды кедергі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлімшелер Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің құрылымдық бірліктері болып табылады [4].

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің қызметі заңдылық, жариялылық, адамдардың конституциялық бостандығы мен құқығын құрметтеу қағидаларына сәйкес, «Қазақстан Республикасында әйелдер жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдың ұлттық жоспары» негізінде, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиямен, барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялармен, әлеуметтік еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарымен, құқық қорғау, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау мақсатында құрылады.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларация мен Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы Конвенция, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» кодексі, қылмыстық және әкімшілік заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды [5].

Әйелдерге қатысты әртүрлі дискриминация түрлерін жою туралы конвенцияға (Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 шілдеде ратификациялаған) сәйкес жыл сайын 25 қарашада «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын өткізе отырып, Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жою күні аталып өтеді [6, 6-б.].

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша БАҚ-та ішкі істер органдары өкілдерінің сөз сөйлеулері іске асыру

жоспарланған. Кәсіпорындарда, ұйымдарда және оқу орындарда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелерін қарай отырып, (брифингтер, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және т.б.) қоғамдық іс-шаралар өткізіледі. Профилактикалық есепте тұрған адамдар, сондай-ақ қолайсыз отбасылар тұрғылықты мекен-жайлары бойынша тексерістермен толық қамтылады.

Іс-шараларды өткізу шеңберінде буклеттерді, жаднамаларды және т.б. үлестіру жүргізіледі. Полиция учаскелік инспекторларының міндеттері «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу туралы» Заңды түсіндіру жөніндегі жаднамалар мен буклеттерді үлестіре отырып, қызмет көрсететін әкімшілік учаскілерді күн сайын аралауды өткізумен алмастырылады.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлімшелердің лауазымды адамдары:

1) қызмет көрсетілетін аумақты мекендейтін тұрғындардың санын, жалпы демографиялық және әлеуметтік құрамын, әйелдердің мүдделерін көздейтін үкіметтік емес ұйымдардың бар-жоғын және әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайтын басқа да мәліметтерді;

2) әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудағы мәселелеріме, олардың конституциялық құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін қорғаумен айналысатын жергілікті мемлекеттік органдарды;

3) әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудағы проблемалармен айналысатын мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуге міндетті.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің инспекторларының:

1) отбасы -тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әйелдерге қатысты құқыққа қарсы бағытталған іс-қимылдар жасайтын адамдарды ішкі істер органдарына шақыруға, зорлық-зомбылыққа жағдай туғызатын себептер мен шарттарды оқып-үйрену үшін қажетті түсініктемелер алуға;

2) меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының лауазымды адамдарынан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан белгілері бар құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасауға жағдай туғызатын себептер мен шарттарды анықтау үшін қажетті мәліметтер сұрауға;

3) дағдарыс орталықтарымен өзара іс-қимылдарға сәйкес әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтауға және олар бойынша заңдармен белгіленген шаралар қолдануға;

4) жеке және заңды тұлғалардың әйелдердің конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін бұзу туралы шағымдарын және арыздарын қарауға құқығы бар.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлімшелердің инспекторлары төмендегілерді орындауы тиіс:

1) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көріністерінің есеңгіретіп тастайтын спирттік ішімдіктерді теріс пайдалануға, қоғамға жат өмір салтын ұстануға, жезөкшелікпен, жеңгетайлықпен, қордалар ұстаумен айналысуға, сондай-ақ сексуалдық дәмешілдікті қоса алғандағы көрсетілген зорлық-зомбылық фактілерінің отбасында жасалуына негізделген фактілер бойынша дер кезінде қимыл көрсетуді қамтамасыз етуге;

2) жезөкшелікті, жеңгетайлықты, қордалар ұстауды, әйелдер мен балаларды сексуалдық пайдаланудың түрлі нысандарын анықтау мен олардың жолын кесу, жыныс саласындағы басқа да құқыққа қарсы көріністер, сондай-ақ порнографиялық бизнес мәселелері бойынша криминалдық, тергеу бөлімшелерімен, ішкі істер органдарының өзге де қызметтерімен өзара іс-қимылдарды жүзеге асыруға;

3) зорлық-зомбылықтың жасалуына жағдай туғызатын себептер мен шарттарды оқып-үйренуге және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға міндетті. Әйелдерге қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы статистикалық мәліметтерді талдауға және жалпылауға;

4) отбасы-тұрмыстық қарым- қатынастар мен қоғамдық құлықтылық саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруді қамтамасыз етуге;

5) білім, мәдениет және денсаулық сақтау органдарымен, еңбек ұжымдарымен, мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесе отырып, нақты проблемалық мәселелерді, әйелдердің себептер мен шарттар салдарынан қоғамға қарсы қылықтар жасауын талқылауға қатысуға, оларды шешудің және жоюдың дұрыс жолдарын табуға;

6) ішкі істер органдарына есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарында болатын, жүйелі түрде медициналық айықтырғыштарға, қабылдау-тарату орындарына жеткізілетін әйелдерге олардың қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауына жағдай туғызатын себептер мен шарттарды анықтау мақсатында социологиялық зерттеулер мен сұрау-сауалдар жүргізуге;

7) порнографиялық материалдарды немесе заттарды, сондай-ақ баспа басылымдарын, кино-бейне материалдарды, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды насихаттайтын басқа да заттарды дайындау және жарнамалау фактілерін анықтау жөніндегі фактілерді анықтайды;

8) тұрғындар арасында бір жыныс өкілінің басқадан астамшылығына негізделген теріс стереотиптерді өзгерту жөніндегі ақпараттық, білім беру және тәрбиелеу жұмысын қамтамасыз етуге;

9) қызметтік тексерістердің қорытындыларын оқып-үйрену негізінде әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға жағдай туғызатын себептер мен шарттарды талдауға және жалпылауға;

10) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеңгетайлықтың, қордалар ұстаудың, сутенерліктің, әйелдер балаларды жезөкешелікпен айналасуға тарту мен зорлық-зомбылықтың өзге де түрлерінің теріс зардаптарын жалпылауға және баяндауға міндетті.

Сонымен, жоғарыда айтылған тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, ішкі істер органдары жүйесіндегі жергілікті полиция қызметі құрамындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің жұмысын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 685-бабына және Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы Заңының 20-бабына әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық бойынша бөлімшеге заң қолдану қызметін қолдану құқығын беру туралы және штат санын көбейту жөнінде мәселелер қарастырылуы қажет.

### **Әдебиет**

1. «Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1097 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012948>

2. Сақшы Республикалық құқықтық, қоғамдық-саяси газеті №94 (3972) 19 желтоқсан 2013 жыл. 7-бет.

3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 04 желтоқсандағы №214-IV Қазақстан Республикасының Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214>

4. 26 желтоқсан 2011 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының №518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

5. Насилие в отношении женщин в Европейском регионе ВОЗ – обзорная статья //Европейский журнал по сексуальному и репродуктивному здоровью Entre Nous. – 2006. –№61. – С. 4-7.

6. Ішкі істер органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуы және профилактика жүргізуі: Оқу тәжірибелік құралы – Қостанай: ҚР ПМ Қостанай академиясы, 2013-132 б.

7. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

8. Сапарин О.Е., Ким Н.П. Психология профессионализма сотрудников правоохранительных органов: Лекция. – Қостанай, 1996. – С. 67.



**КАЛГУЖИНОВА А.М.,**

старший преподаватель кафедры уголовного права, процесса и криминалистики  
НАО «Карагандинский университет им. Е.А. Букетова», магистр правоведения

### **ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ БЫТОВОМУ НАСИЛИЮ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СТАНОВЛЕНИЕ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ**

В современных условиях повышения требований к обеспечению защиты прав человека приоритетным направлением продолжает оставаться противодействие бытовому насилию, имеющему место во всех странах мира. По утверждению организации «Международная амнистия», это «самое распространенное посягательство на права человека».

Снижение уровня насилия, гендерное равенство выделены Организацией объединенных наций в числе основных целей в области устойчивого развития, которые должны быть достигнуты до 2030 года. Данная цель, выступая в качестве ориентира, позволяет Казахстану определить и реализовать национальную программу.

Вопрос о проблеме насилия в сфере частной жизни был впервые поднят в Концепции государственной политики улучшения положения женщин в Республике Казахстан, одобренной распоряжением Президента РК от 5 марта 1997 года №3395. Согласно Концепции «наиболее ярко насилие в отношении женщин выражается в таких формах, как принуждение к сожительству и проституции, изнасилования, бытовое насилие» [1, 32]. Однако, формирование стратегии и приоритетных направлений государственной политики в отношении женщин было начато еще в 1995 году, когда при Президенте страны был создан Совет по проблемам женщин, семьи и демографической политики.

19 июля 1997 года постановлением Правительства Республики Казахстан был утвержден Национальный план действий по улучшению положения женщин. Его реализация способствовала развитию женского потенциала республики, расширению возможностей женщин, формированию качественно новых отношений социального партнерства, между гражданским обществом и органами власти.

Указом Президента страны от 22 декабря 1998 года была создана Национальная Комиссия по делам семьи и женщин при Президенте Республики Казахстан. В последствии она была преобразована в Национальную комиссию по делам семьи и гендерной политике при Президенте Республики Казахстан (указ Президента РК от 1 февраля 2006 года), а затем – в Национальную комиссию по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан (указ Президента РК от 15 мая 2008 года). Комиссия – консультативно-совещательный орган при Президенте Республики Казахстан, в ее составе представители научной и культурной общественности, производственных предприятий, малого и среднего бизнеса, госслужащие. Следует отметить, что национальный статус комиссии позволяет ей для решения поставленных задач выходить на все уровни государственного управления, а также

привлекать к диалогу представителей гражданского общества [2]. Постановлением Правительства РК от 28 февраля 2006 года утверждено «Типовое положение о комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при акимах областей, городов Астаны и Алматы».

Как государство, присоединившееся к «Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин» (в 1998 году) и «Факультативному Протоколу к Конвенции» (в 2001 году) [3], Казахстан принимает меры по осуществлению законодательства и обеспечения его эффективности в деле искоренения насилия в отношении женщин.

В соответствии со ст.18 Конвенции Республика Казахстан представляет в Комитет по ликвидации дискриминации в отношении женщин ООН периодические доклады о выполнении Конвенции (в 1999, 2001, 2004, 2007, 2011, 2018, 2019 гг.). Все доклады были признаны удовлетворительными, результаты их рассмотрения доложены Главе государства, Премьер-Министру страны, рассмотрены на конференциях, семинарах и заседаниях государственных органов и неправительственных организаций.

Указом Президента Республики от 19 февраля 1999 года в системе органов внутренних дел были созданы специализированные подразделения по борьбе с проявлениями насилия в отношении женщин. Казахстан является единственной страной на постсоветском пространстве, где созданы такие структуры. Главными направлениями их деятельности являются защита конституционных прав, свобод и законных интересов женщин от противоправных посягательств, оказание населению правовой помощи в вопросах предупреждения и пресечения фактов насилия, анализ и обобщение сведений о насилии в отношении женщин.

Деятельность данных подразделений строится на основе ежеквартального планирования с постоянным контролем над исполнением запланированных мероприятий. Эти мероприятия направлены на координацию деятельности подразделений органов внутренних дел и улучшение взаимодействия с общественными объединениями, международными неправительственными организациями в вопросах предупреждения и пресечения правонарушений в отношении женщин; оказание населению правовой помощи; проведение аналитических исследований.

Все территориальные подразделения органов внутренних дел по защите женщин от насилия осуществляют свою деятельность в тесном взаимодействии с комиссиями по делам семьи и женщин, образованными при Акимам областей. Проводятся совместные профилактические мероприятия «Быт», «Семья»; семинары, круглые столы, конференции, тренинги.

Приказом МВД РК №535 от 26 октября 1999 года утверждена «Инструкция по организации работы подразделений по борьбе с проявлениями насилия в отношении женщин», приказом №700 от 14 декабря 2000 года - «Порядок формирования автоматизированного банка данных о видах, характере и последствиях насилия, совершенного в отношении женщин».

Разработаны также Планы взаимодействия региональных групп по организации работы ОВД по защите женщин от насилия и кризисных центров.

